

Бекітемін _____

№ 17 «Шұғыла» б/б МКҚК-ның

меңгерушісі: Д.Н.Жетілгенова



**2023-2024 оқу жылына арналған қазақ тілі ұйымдастырылған іс –әрекетінің
циклограммасы**

ересек топтары 4 жастан бастап)

Қазақ тілі мұғалімі: Құрамысова Ж.А

Қазақ тілі ҰІӨ циклограммасы

Қазақ тілі мұғалімі: Құрамысова Ж.А

Әдіскер: _____

Қараша І апта

ҰІӨ тақырыбы: Тазалықты сүйеміз			
Күні:		Қараша	
ТОП: ересек			Қатысқан балалар саны:
ҰІӨ -нің мақсаты:	- Заттың атын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру. - Тазалыққа байланысты сөздердің қазақша атауларын меңгерту және оларды сөйлеуде қолдану.		
Күтілетін нәтиже:	Біледі: - Тазалыққа қатысты сөздерді (сабын, су, таза, кір т.б.) Түсінеді: - Заттың атын және қимылын білдіретін сөздердің мағынасын Айта алады: - Қарапайым сөйлемдер құрастырып, тазалық туралы айтып бере алады		
Тілдік мақсат:	Сөздер: балабақша, сабын, су, кір, таза, билейік, ән айтамыз, ауа, қар, жел, жаңбыр, суық, ыстық, жылы Сұрақтар: Бұл не?		

	• Бұл қандай? • Не істеп жатырсың? • Таза ма, кір ме? Сөйлеу үлгілері: • Бұл – сабын. • Қолымды жуамын. • Мен тазамын. • Су жылы/суық.	
ҰІӘ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I.Кіріспе бөлім Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату,амандасу <i>0-2 минут</i> II.Ұйымдастыру <i>3-5 минут</i>	Балаларды қарсы алу. Жылы атмосфера қалыптастыру. Амандасу. Мақсаты: Балаларды ҰІӘ бейімдеу. Амандасу (қимылмен): қол бұлғау, күлімдеу. Амандасу өлеңі: «Сәлем, сәлем, алтын күн!»	Музыка, смайлик
III. Негізгі бөлім Тақырып бойынша жұмыс <i>12- минут</i>	Тақырыппен таныстыру: «Тазалықты сүйеміз» Көрнекілік: суреттер (сабын, су, таза бала) Сұрақтар: Бұл не? Бұл таза ма? Балалар жауап береді: Қысқа жауаптар айтады 1-ойын: «Дұрыс қайтала, көрсет» Мақсаты: сөздерді дұрыс айту, есте сақтау Ойын шарты: мұғалім сөз айтады, балалар қайталайды және қимылмен көрсетеді Сөздер: сабын, су, жуу, таза Сөйлеу үлгілері: Мен қол жуамын, сабын аламын 2-ойын: «Сақ бол» Мақсаты: зейінді дамыту, сөзді түсіну Құралдар: суреттер Ойын шарты: «таза» сөзін естігенде қол шапалақтау, «кір» сөзінде отырмау Сөйлеу үлгілері: Бұл таза, бұл кір	Суреттер, карточкалар

IV. ҰІӨ -нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Қорытындылау: бүгінгі сөздерді қайталау. Балаларды мадақтау. Рефлексия: «Саған не ұнады?»	Суреттер, ойын құралдары

Қазақ тілі ҰІӨ циклограммасы

Қазақ тілі мұғалімі: Курамысова Ж.А

Әдіскер: _____

Қараша I апта

ҰІӨ тақырыбы: Жәндіктер		
Күні:		Қараша
ТОП: ересек		Қатысқан балалар саны:
ҰІӨ -нің мақсаты:	Балаларға жәндіктердің қазақша атауларын үйрету, олардың тіршілігі туралы қарапайым сөйлемдер арқылы сипаттай білуге дағдыландыру.	
Күтілетін нәтиже:	Біледі: маса, шыбын, ара, қоңыз сөздерін. Түсінеді: жәндіктердің табиғаттағы орны мен қарапайым тіршілігін. Айта алады: жәндіктер туралы 1–2 сөйлем құрастыра алады.	
Тілдік мақсат:	Сөздер: маса, шыбын, ара, қоңыз Сұрақтар: – Бұл не? – Бұл қандай жәндік? – Не істейді? – Қайда өмір сүреді? Сөйлеу үлгілері: – Бұл маса. – Шыбын ұшады. – Ара бал жинайды.	

	– Қоңыз жерде жүреді.	
ҰІӘ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I.Кіріспе бөлім Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату,амандасу 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут	Мұғалім балалармен жылы амандасады: «Сәлеметсіңдер ме, балалар! Көңіл-күйлерің қалай?» Балалар шеңберге тұрып, бір-біріне күлімсіреді. Қысқа психологиялық жаттығу: «Күн шуағын сыйлайық» – балалар қолдарын көтеріп, бір-біріне жақсы тілектер айтады. Дыбыстық жаттығулар орындалады: «з-з-з» (араның дыбысы), «ы-ы-ы» (шыбынның дыбысы). Мұғалім дұрыс айтуға бағыт береді. Балалар дыбыстарды қайталайды. Қызығушылық ояту үшін смайликтер арқылы көңіл күйін білдіреді.	Музыка, смайлик
III. Негізгі бөлім Тақырып бойынша жұмыс 12- минут	Мұғалім жәндіктердің суреттерін көрсетеді (маса, шыбын, ара, қоңыз). Әр жәндік туралы қысқаша түсіндіреді: қайда өмір сүреді, не істейді. Сұрақ-жауап жүргізіледі. Балалар сөздерді қайталайды. «Жәндіктердің бейнелерін құрастыру» дидактикалық ойын балаларға бөлшектенген суреттер беріледі, олар дұрыс құрастырады және атын айтады. Жеке жұмыс: әр бала бір жәндікті атап, сөйлем құрайды.	Суреттер, карточкалар
IV. ҰІӘ -нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Мұғалім сұрақтар қояды: «Бүгін не үйрендік? Қандай жәндіктерді білдік?» Балалар жауап береді. Смайликтер арқылы өз көңіл күйін көрсетеді (ұнады/ұнамады). Мұғалім балаларды мадақтайды.	Суреттер, ойын құралдары

Қазақ тілі ҰІӘ циклограммасы

Қазақ тілі мұғалімі: Курамысова Ж.А

Әдіскер: _____

Қараша II апта

ҰІӘ тақырыбы: Үй жануарлары		
Күні:	Қараша	
ТОП: ересек		Қатысқан балалар саны:
ҰІӘ -нің мақсаты:	Балаларға үй жануарларының қазақша атауларын үйрету, олардың пайдасы мен тіршілігі туралы қарапайым сөйлемдер	

	арқылы айта білуге дағдыландыру.	
Күтілетін нәтиже:	Біледі: үй жануарларының атауларын (сиыр, жылқы, қой, ешкі, ит, мысық). Түсінеді: үй жануарларының адамға пайдасын, олардың тіршілігін. Айта алады: үй жануарлары туралы 1–2 сөйлем құрап айта алады.	
Тілдік мақсат:	Сөздер: сиыр, жылқы, қой, ешкі, ит, мысық Сұрақтар: – Бұл не? – Бұл қандай жануар? – Не береді? – Қайда тұрады? Сөйлеу үлгілері: – Бұл сиыр. Сиыр сүт береді. – Бұл жылқы. Жылқы шабады. – Бұл қой. Қой жүн береді. – Ит үйді күзетеді. – Мысық тышқан ұстайды.	
ҰІӘ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I.Кіріспе бөлім Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату,амандасу <i>0-2 минут</i> II. Ұйымдастыру <i>3-5 минут</i>	Мұғалім балалармен амандасады: «Сәлеметсіңдер ме, балалар!» Балалардың көңіл-күйін сұрайды. «Жылы шеңбер» әдісі: балалар бір-біріне күлімсіреп, жақсы тілектер айтады. Ойын №1: «Дыбысын тап» Ойынның мақсаты:	Музыка, смайлик

	Балалардың есту қабілетін дамыту, үй жануарларының дыбыстарын ажырата білуге үйрету. Ойынның шарты: Мұғалім жануарлардың дыбысын салады немесе аудионы қосады. Балалар сол дыбысқа сәйкес жануарды табуы керек және қазақша атын айтуы тиіс. Ойынның барысы: 1. Мұғалім балаларға түсіндіреді: «Мен сендерге жануарлардың дыбысын тыңдатамын, сендер қай жануар екенін табасыңдар». 2. Мұғалім дыбыстарды кезекпен айтады: – «Мө-ө-ө» → балалар: «Сиыр» – «Мяу» → «Мысық» – «Ау-ау» → «Ит» – «Мә-ә» → «Қой» 3. Сөздерден моншақ тізейік», «Қ» (ғ) дыбысынан басталатын сөздерді атап шығамыз» 4. Дұрыс жауап берген балалар мадақталады. Қиындату: кей балалар өздері дыбыс салып, басқа балалар табады.	
III. Негізгі бөлім Тақырып бойынша жұмыс <i>12- минут</i>	Ойын №2: «Қай жануар?» Ойынның мақсаты: Сөздік қорды дамыту, жануарларды сипаттау арқылы табуға үйрету. Ойынның шарты: Мұғалім жануарды атамай, оның белгілерін сипаттайды. Балалар қай жануар екенін табады және толық жауап береді. Ойынның барысы: 1. Мұғалім түсіндіреді:	Суреттер, карточкалар

	«Мен жануарды сипаттаймын, сендер оның атын табасыңдар». - Мұғалім сипаттайды: «Бұл жануар сүт береді, мөңірейді» → балалар: «Бұл сиыр» «Бұл жануар үйді күзетеді, үреді» → «Бұл ит» «Бұл жануар тышқан ұстайды» → «Бұл мысық» «Бұл жануар жүн береді» → «Бұл қой» - Балалар жауапты толық сөйлеммен айтуға үйренеді: «Бұл – сиыр. Сиыр сүт береді». - Қосымша: балаларға суреттер беріледі, олар өздері сипаттап, достары табады.	
IV. ҰІӘ -нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Ойын №3: «Сөйлем құрастыр» Ойынның мақсаты: Балалардың байланыстырып сөйлеу дағдысын дамыту, қарапайым сөйлем құрастыруға үйрету. Ойынның шарты: Балаларға сөздер немесе суреттер беріледі. Сол бойынша дұрыс сөйлем құрастыру керек. Ойынның барысы: - Мұғалім түсіндіреді: «Қазір біз сөздерден сөйлем құраймыз». - Мұғалім мысал көрсетеді: «сиыр – сүт береді» → «Сиыр сүт береді» «ит – күзетеді» → «Ит үйді күзетеді» - Балаларға жеке тапсырма беріледі: «мысық – ұстайды» → «Мысық тышқан ұстайды» «қой – жүн береді» → «Қой жүн береді» - Әр бала өз сөйлемін дауыстап айтады. - Мұғалім дұрыс айтылуын түзетіп, мадақтайды.	Суреттер, ойын құралдары

--	--	--

Қазақ тілі ҰІӨ циклограммасы

Қазақ тілі мұғалімі: Курамысова Ж.А

Әдіскер: _____

Қараша І І апта

ҰІӨ тақырыбы: Жабайы аңдар		
Күні:		Қараша
ТОП: ересек		Қатысқан балалар саны:
ҰІӨ -нің мақсаты:	Балаларға жабайы аңдардың қазақша атауларын үйрету, олардың тіршілігі мен ерекшеліктері туралы қарапайым сөйлемдер құрауға дағдыландыру.	
Күтілетін нәтиже:	Біледі: жабайы аңдардың атауларын (аю, қасқыр, түлкі, қоян, арыстан). Түсінеді: жабайы аңдардың орманда өмір сүретінін, олардың ерекшеліктерін. Айта алады: жабайы аңдар туралы 1–2 сөйлем құрай алады.	
Тілдік мақсат:	Сөздер: аю, қасқыр, түлкі, қоян, арыстан Сұрақтар: – Бұл не? – Бұл қандай аң? – Қайда өмір сүреді? – Не істейді? Сөйлеу үлгілері: – Бұл аю. Аю орманда өмір сүреді. – Қасқыр ұлиды. – Түлкі айлакер. – Қоян тез жүгіреді. – Арыстан күшті аң.	

ҰІӘ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I.Кіріспе бөлім Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату,амандасу 0-2 минут II.Ұйымдастыру 3-5 минут	Мұғалім балалармен амандасады: «Сәлеметсіңдер ме, балалар!» Көңіл-күй сұрайды. «Шаттық шеңбері»: балалар бір-біріне жылы сөздер айтады. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Мұғалім аңдардың дыбыстарын салады: «Ұ-у-у» (қасқыр), «Р-р-р» (аю). Балалар қайталайды. Ойын №1: «Дыбысты таны» Шарты: мұғалім дыбыс айтады, балалар қай аң екенін табады. Барысы: – «Ұ-у-у» → «Қасқыр» – «Р-р-р» → «Аю» – «А-а-а» → «Арыстан» Мұғалім жабайы аңдардың суреттерін көрсетеді, әрқайсысын таныстырады (қайда өмір сүреді, не істейді). Балалар қайталайды, сұрақтарға жауап береді.	Музыка, смайлик
III. Негізгі бөлім Тақырып бойынша жұмыс 12- минут	Ойын №2: «Қай аң?» Шарты: мұғалім аңды сипаттайды, балалар табады. Барысы: – «Бұл аң орманда тұрады, үлкен, бал жейді» → «Аю» – «Бұл аң қу, айлакер» → «Түлкі» – «Бұл аң тез жүгіреді, қорқақ» → «Қоян» – «Бұл аң ұлиды» → «Қасқыр» Балалар жауапты толық сөйлеммен айтады: «Бұл – түлкі. Түлкі айлакер».	Мнемокестелер бойынша жабайы аңдар туралы байланыстырып әңгіме құрастыру.
IV. ҰІӘ -нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Байланыстырып сөйлеуге Ойын №3 Ойын №3: «Сөйлем құрастыр» Шарты: берілген сөздерден сөйлем құрау. Барысы: – «аю – орманда өмір сүреді» → «Аю орманда өмір сүреді» – «қоян – жүгіреді» → «Қоян тез жүгіреді» – «түлкі – айлакер» → «Түлкі айлакер» Мұғалім сұрайды: «Бүгін қандай аңдарды білдік?» Балалар жауап береді. Балалар өз ойымен сөйлем айтады. Соңында смайлик арқылы көңіл күйін білдіреді.	Суреттер, ойын құралдары

--	--	--

Қазақ тілі ҰІӨ циклограммасы

Қазақ тілі мұғалімі: Құрамысова Ж.А

Әдіскер: _____

Қараша І І І апта

ҰІӨ тақырыбы: Үй құстары		
Күні:		Қараша
ТОП: ересек		Қатысқан балалар саны:
ҰІӨ -нің мақсаты:		
Күтілетін нәтиже:	Біледі: үй құстарының атауларын (тауық, әтеш, үйрек, қаз, күркетауық). Түсінеді: үй құстарының адамға пайдасын (жұмыртқа, ет), олардың тіршілігін. Айта алады: үй құстары туралы 1–2 сөйлем құрап айта алады.	
Тілдік мақсат:	Сөздер: тауық, әтеш, үйрек, қаз, күркетауық Сұрақтар: – Бұл не? – Бұл қандай құс? – Не береді? – Қайда жүреді? Сөйлеу үлгілері: – Бұл тауық. Тауық жұмыртқа береді. – Әтеш шақырады. – Үйрек суда жүзеді. – Қаз қаңқылдайды.	

	– Күркетауық үлкен құс.	
ҰІӘ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I.Кіріспе бөлім Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату,амандасу 0-2 минут II.Ұйымдастыру 3-5 минут	Мұғалім балаларды жылы қарсы алады: «Сәлеметсіңдер ме, балалар!» «Шаттық шеңбері»: балалар бір-біріне күлімсіреп, «Қайырлы күн!» тілейді. Қысқа көңіл күй жаттығуы: «Қанат қағып ұшайық» – балалар құс сияқты қимыл жасайды. Дыбыстық жаттығулар: «Қо-ко-ко» (тауық), «Қу-қа-ре-ку» (әтеш), «Қаңқ-қаңқ» (қаз). Балалар қайталайды. Ойын №1: «Еске түсір» (өткенді қайталау) Шарты: мұғалім «жабайы аңдар» және «үй жануарлары» суреттерін көрсетеді, балалар ажыратады. Барысы: – «Бұл үй жануары ма, жабайы аң ба?» – Балалар жауап береді: «Бұл – сиыр, үй жануары» / «Бұл – аю, жабайы аң» Қорытынды: «Бүгін біз құстармен танысамыз!» Мұғалім үй құстарының суреттерін көрсетіп, таныстырады. Әр құстың ерекшелігін айтады (не істейді, қайда жүреді, не береді). Балалар қайталайды.	Музыка, смайлик
III. Негізгі бөлім Тақырып бойынша жұмыс 12- минут	Ойын №2: «Құсты тап!» Шарты: мұғалім сипаттайды, балалар табады. Барысы: – «Бұл құс жұмыртқа береді, қыт-қыттайды» → «Тауық» – «Бұл құс таңертең шақырады» → «Әтеш» – «Бұл құс суда жүзеді» → «Үйрек» – «Бұл құс қаңқылдайды» → «Қаз» Қимылды элемент: балалар құстардың қимылын салып көрсетеді (қанат қағу, жүру).	Суреттер, карточкалар
IV. ҰІӘ -нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Мұғалім сұрақ қояды: «Бүгін қандай құстарды білдік?» Ойын №3: «Сөйлемді аяқта» Шарты: мұғалім сөйлемнің басын айтады, балалар аяқтайды. Барысы: – «Тауық ...» → «жұмыртқа береді» – «Үйрек ...» → «суда жүзеді» – «Қаз ...» → «қаңқылдайды»	Суреттер, ойын құралдары

	Кейін балалар өздері толық сөйлем айтады. Соңында смайлик арқылы көңіл күйін білдіреді.	
--	---	--

Қазақ тілі ҰІӨ циклограммасы

Қазақ тілі мұғалімі: Құрамысова Ж.А

Әдіскер: _____

Қараша І І І апта

ҰІӨ тақырыбы: Мен жеймін, ішемін		
Күні:		Қараша
ТОП: ересек		Қатысқан балалар саны:
ҰІӨ -нің мақсаты:	Балаларға тағам мен сусын атауларын қазақ тілінде үйрету, «жеймін», «ішемін» сөздерін дұрыс қолдана отырып, қарапайым сөйлем құрастыруға дағдыландыру.	
Күтілетін нәтиже:	Біледі: тағам және сусын атауларын (нан, алма, сүт, су, шай). Түсінеді: қандай заттар желінетінін, қандай заттар ішілетінін ажыратады. Айта алады: «Мен жеймін», «Мен ішемін» тіркестерімен сөйлем құрай алады.	
Тілдік мақсат:	Сөздер: нан, алма, сорпа, сүт, су, шай Сұрақтар: – Бұл не? – Сен не жейсің? – Сен не ішесің? Сөйлеу үлгілері: – Мен нан жеймін. – Мен алма жеймін.	

	– Мен сүт ішемін. – Мен су ішемін.	
ҰІӘ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I.Кіріспе бөлім Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату,амандасу 0-2 минут II.Ұйымдастыру 3-5 минут	Мұғалім балалармен амандасады: «Сәлеметсіңдер ме, балалар!» «Шаттық шеңбері»: «Дәмді тағам тілеймін!» – балалар бір-біріне жылы тілектер айтады.Дыбыстық жаттығу: «м-м-м» (дәмді), «ш-ш-ш» (шай). Балалар қайталайды. Ойын №1: «Жеймін бе, ішемін бе?» Шарты: мұғалім затты айтады немесе көрсетеді, балалар «жеймін» немесе «ішемін» деп жауап береді. Барысы: – алма → «жеймін» – су → «ішемін» – нан → «жеймін» – сүт → «ішемін» Қимылмен көрсету (ішу/жеу әрекеті).	Музыка, смайлик
III. Негізгі бөлім Тақырып бойынша жұмыс 12- минут	Мұғалім тағам мен сусын суреттерін көрсетеді, атауларын үйретеді. Балалар қайталайды. Ойын №2: «Дұрыс таңда» Шарты: балалар екі топқа бөлінеді: «жеймін» және «ішемін». Барысы: Мұғалім сурет көрсетеді: – «Алма» → «жеймін» тобына барады – «Шай» → «ішемін» тобына барады Әр бала таңдауын айтып береді: «Мен алма жеймін» / «Мен шай ішемін».	Суреттер, карточкалар
IV. ҰІӘ -нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Мұғалім сұрайды: «Сен не жейсің? Не ішесің?» Ойын №3: «Сөйлем құрастыр» Шарты: балалар берілген сөздерден сөйлем құрайды. Барысы:	Суреттер, ойын құралдары

	– «мен – алма – жеймін» → «Мен алма жеймін» – «мен – сүт – ішемін» → «Мен сүт ішемін» Балалар өз ойымен айтады. Соңында смайлик арқылы көңіл күйін көрсетеді.	
--	--	--

Қазақ тілі ҰІӘ циклограммасы
Қазақ тілі мұғалімі: Құрамысова Ж.А
Әдіскер: _____

Қараша І V апта

ҰІӘ тақырыбы: Ұлттық тағамдар		
Күні:		Қараша
ТОП: ересек		Қатысқан балалар саны:
ҰІӘ -нің мақсаты:	Балаларға қазақтың ұлттық тағамдары туралы түсінік беру, олардың атауларын үйрету және қарапайым сөйлемдер арқылы ойын жеткізе білуге дағдыландыру.	
Күтілетін нәтиже:	Біледі: ұлттық тағам атауларын (бауырсақ, қымыз, шұбат, ет, айран). Түсінеді: ұлттық тағамдардың адамға пайдасын, олардың неден жасалатынын. Айта алады: ұлттық тағамдар туралы 1–2 сөйлем құрай алады.	
Тілдік мақсат:	Сөздер: бауырсақ, қымыз, шұбат, ет, айран Сұрақтар: – Бұл не?	

	– Қандай тағам? – Не ішеміз? Не жейміз? Сөйлеу үлгілері: – Бұл бауырсақ. Бауырсақ жейміз. – Қымыз ішеміз. – Айран пайдалы. – Ет жейміз.	
ҮІӘ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I.Кіріспе бөлім Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату,амандасу 0-2 минут II.Ұйымдастыру 3-5 минут	Мұғалім балалармен амандасады: «Сәлеметсіңдер ме, балалар!» «Шаттық шеңбері»: «Дәмді тағам тілеймін!» – балалар бір-біріне жақсы тілектер айтады. Қызығушылық ояту: «Бүгін біз ерекше тағамдармен танысамыз». Дыбыстық жаттығу: «м-м-м» (дәмді), «б-б-б» (бауырсақ). Балалар қайталайды. Ойын №1: «Не жейміз, не ішеміз?» Шарты: мұғалім тағамды атайды, балалар «жеймін» немесе «ішемін» деп жауап береді. Барысы: – бауырсақ → «жеймін» – қымыз → «ішемін» – ет → «жеймін» – айран → «ішемін» Балалар қимылмен көрсетеді. Мұғалім ұлттық тағамдардың суреттерін көрсетіп, таныстырады. Әр тағам туралы қысқаша айтады (қалай жасалады, не үшін пайдалы). Балалар қайталайды.	Музыка, смайлик
III. Негізгі бөлім Тақырып бойынша жұмыс 12- минут	Ойын №2: «Әдемі кілемшелер құрастыру» Шарты: балаларға оюлы «кілемше» бөліктері және тағам суреттері беріледі. Әр бала кілемшені құрастырып, үстіне ұлттық тағам суреттерін орналастырады. Барысы: 1. Балалар кілемшені бөліктерден құрастырады. 2. Әр тағамды дұрыс атап, орналастырады. 3. Сөйлем айтады: «Бұл – бауырсақ. Бауырсақ жейміз».	Суреттер, карточкалар

	Қимылды элемент: балалар «қонақ күту» рөлін ойнайды.	
IV. ҰІӨ -нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Мұғалім сұрайды: «Бүгін не үйрендік?» Ойын №3: «Сөйлем құрастыр» (сюжетті сурет бойынша) Шарты: балаларға дастарқан бейнеленген сурет беріледі, сол бойынша сөз тіркестері мен сөйлем құрайды. Барысы: – «Дастарқанда бауырсақ бар» – «Біз қымыз ішеміз» – «Анам ет пісірді» Балалар өз ойларын айтады. Соңында смайлик арқылы көңіл күйін білдіреді.	Суреттер, ойын құралдары

Қазақ тілі ҰІӨ циклограммасы

Қазақ тілі мұғалімі: Құрамысова Ж.А

Әдіскер: _____

Қараша I V апта

ҰІӨ тақырыбы: ДЕНЕ МҮШЕЛЕРІ		
Күні:		Қараша
ТОП: ересек		Қатысқан балалар саны:
ҰІӨ -нің мақсаты:	Балаларға дене мүшелерінің қазақша атауларын үйрету, оларды дұрыс атап, сөйлем құрау арқылы тілдік қорын дамыту.	
Күтілетін нәтиже:	Біледі: дене мүшелерін (бас, көз, құлақ, мұрын, қол, аяқ). Түсінеді: дене мүшелерінің қызметін.	

	Айта алады: дене мүшелері туралы қарапайым сөйлемдер құрайды.	
Тілдік мақсат:	Сөздер: бас, көз, құлақ, мұрын, қол, аяқ Сұрақтар: – Бұл не? – Не істейді? – Қай жерің? Сөйлеу үлгілері: – Бұл – қол. – Көз көреді. – Құлақ естиді. – Аяқ жүреді.	
ҰІӘ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I.Кіріспе бөлім Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату,амандасу 0-2 минут II.Ұйымдастыру 3-5 минут	Амандасу, көңіл күй орнату. «Шаттық шеңбері»: балалар бір-біріне жылы сөздер айтады. Дыбыстық жаттығу: «а-а-а», «о-о-о». Ойын №1: «Көрсет те айт» – мұғалім айтады, балалар көрсетеді және атайды. Қосымша ойын: «Сөздерден моншақ тізейік» Шарты: берілген сөздерді ретімен қайталап айту арқылы «моншақ» құрау. Барысы: мұғалім айтады: «бас – көз – құлақ – мұрын – қол – аяқ» балалар қайталайды, біртіндеп жылдамдатады. соңында балалар өздері тізіп айтады. Мұғалім суреттер арқылы дене мүшелерін таныстырады. Балалар қайталайды, сұрақтарға жауап береді.	Музыка, смайлик
III. Негізгі бөлім Тақырып бойынша жұмыс 12- минут	Ойын №2: «Дұрыс орналастыр» – адам бейнесіне дене мүшелерін жапсыру. Қосымша ойын: «Қ (А) дыбысынан басталатын сөздерді ата» Шарты: балалар белгілі дыбыстан басталатын сөздерді тез айтуы керек.	Суреттер, карточкалар

	Барысы: – Қ дыбысы: қол, құлақ, көз, қас – А дыбысы: аяқ, алма (бекіту үшін) балалар кезекпен айтады, мұғалім толықтырады.	
IV. ҰІӘ -нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Ойын №3: «Сөйлем құрастыр» Балалар сөздерден сөйлем құрайды: – «Менің қолым бар» – «Көз көреді» – «Аяқ жүреді» Мұғалім сұрайды: «Бүгін не үйрендік?» Балалар жауап береді. Соңында смайлик арқылы көңіл күйін көрсетеді.	Суреттер, ойын құралдары